

ОӘЖ 81'373

*Есенова Қ.Е. ф.ғ.к., доцент
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті,
Жүргенбаева З.Б., магистрант
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті,*

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ СӘЙКЕСТІГІ

Аннотация

Тіларалық фразеологизмдер сәйкестігінде құрылымы бір немесе әр типті тілдердегі фразеологизмдер салыстыра-салғастыра қарастырылады.

Кілт сөздер: *фразеология, тіл, ұлт, мәдени, семантика стиль, халық, ғасыр.*

Қай ұлттың болса да тіл байлығы – сол ұлттың тарихи айнасы. Өйткені сөз – сананың көрінісі. Ал тілдегі фразеологизмдер белгілі бір ұлттың салт-санасының, мәдени өмірінің, ұлттық дүниетанымының айнасы. Тілдің әр түрлі даму кезеңдерінде қалыптасқан фразеологизмдер бірнеше ғасыр өмір сүрсе де, өзінің бастапқы, көне формасымен қатар, мәнерлілігін, пәрменділігін сақтаған. Бұдан фразеологизмдер – халық даналығына суарылған образды ойлау тілінің үлгісі деген ұғым туындайды.

Халық мәдени т.б. байланысқа қандай мұқтаж болса, бір тіл екінші тілден сөз ауысуға сондай мұқтаж. Өзге тілмен байланысқа түспеген бірде-бір тіл болмайды.

Соңғы жылдары көптеген тілші-ғалымдар әр түрлі тілдегі тіларалық фразеологизмдерді генеологиялық және типологиялық тұрғыдан топтастырып, салыстыру әдісімен ғылыми зерттеулер жүргізуде. Бірақ көп жағдайда тек белгілі бір топтық, аймақтық тілдердегі фразеологияның жалпы ұқсастығымен айрықша ерекшеліктерін ғана қамтыған. Сондықтан да бұлар, қазіргі кезеңге дейін әр тілдің өзіндік ерекшелігін саралауда фразеологизмдердің сәйкестіктеріне көп мән берілмеді, оны кездейсоқтыққа балады.

Соңғы кезеңдерде қазақ тілі фразеологизмдерін орыс, ағылшын, неміс, түрік, қытай сияқты болмыс-бітімі, құрылымы бөтен тілдердің фразеологизмдерімен тіларалық деңгейде салғастырып, сол арқылы тіларалық фразеологиялық сәйкестіктерді анықтау және олардың қалыптасу тәсілдерін зерделеу, интернационалдық фразеологиялық қорды анықтау және оларды тудырушы факторларды айқындау, салғастырылушы тілдер фразеологиясындағы ұқсас тұстар мен өзіндік ерекшеліктерді саралау, т.б. мәселелерді зерттеуге арналған еңбектердің молаюы қазақ фразеологиясында салғастырмалы бағыттың қалыптаса

бастағандығының көрінісі деуге болады. Бұл жайында Сағидолдақызы Г., Сыздықова М.А., Абилгалиева М.Х., Есімжанова М.Р., Мукушева Э. т.б. ғалымдардың еңбектерін атап өткен жөн.

Тілаларлық фразеологизмдер сәйкестігінде құрылымы бір немесе әр типті тілдердегі фразеологизмдер салыстыра-салғастыра қарастырылады.

Әр ұлт тіліндегі басқаларда қайталанбайтын, аударуға келмейтін тек сол ұлттың мәдени өміріне тән тұрақты тіркестері жетерлік. Тілаларлық фразеологизмдер сәйкестігі олардың жалпы семантикалық-стильдік реңктерінен байқалады. Фразеологизмдердің тілаларлық сәйкестігін талдау арқылы М. Есімжанова мынадай критерийлерді ұсынады:

1. Фразеологиялық тұлғалардың дыбыстық (фонографиялық) және
2. лексикалық құрылымының ұқсастығы;
3. Фразеологизмдердің бір-біріне семантикалық жағынан тең келуі;
4. Этимологиялық ұқсастықтар – тарихи және генетикалық тұрғыдан ұқсас қалыптасу [1].

Бұл жөнінде қазақ және монғол тілдерінің бейнелі фразеологизмдері арасындағы үйлесімділіктің сапалық типтері туралы талдауында Г.Сағидолдақызы одан әрі нақтылай түседі: «Фразеология бірліктерінің фразеологиялық жиынтық мағыналары мен грамматикалық қасиеттері, фразеологизмдердің құрылымдық-синтаксистік типтері, морфологиялық құрамы, компоненттердің орналасу тәртібі, т.б. лексикалық құрамы, образдылықтың сипаты, фразеологиялық полисемия, омонимия, антономия, синонимия сияқты сан алуан құбылыстардың тілдер арасындағы әр түрлі көрінісін тануға болады» [2].

Фразеологиялық тұлғалардың дыбыстық (фонографиялық) жағынан ұқсас келуі олардың ешбір дыбыстық өзгеріске түспей (транслитерацияға ұшырамай), сол күйінде айтылуына қарай мағынасы да сол қалпында қалады. Мысалы: латын тілінен енген – “alma mater”. Студенттер өздері оқитын университетті бұрын “alma mater” тура мағынасында «асыраушы ана» деп атаған. Бұл көптеген ұлт тілдерінде күні бүгінге дейін бірде құрметпен, бірде әзіл түрінде айтылып жүр. Сондай-ақ “Pidgin English” – «пиджин англиш» - (ағылшын-қытай гибрид тілі) тіркестерін айтуға болады.

Ал тілаларлық фразеологизмдердің мағыналық жағынан дәл келуі де жиі ұшырасатын құбылыс. Мәселен, қазақ тіліндегі «айырмасы жер мен көктей» тіркесі мағыналық және құрылымдық жағынан еш өзгермей ағылшын тілінде:

be as different as the earth from the sky,

орыс тілінде: как небо и земля;

сол сияқты «тал қармау»

ағылшын тілінде: the drowning man will catch at a straw,

орыс тілінде: хвататься за соломинку немесе «екі қоянды бір оқпен ату», орыс тілінде «убить двух зайцев одним ударом», ағылшын тілінде “to killt wobirds with one stone” т.б. көптеген тіркестерді мысалға келтіруге болады. Келтірілген мысалдардың мағыналық сәйкестігі жайдан-жай тумайды. Мұнда адамдардың өмір сүру, тіршілік ету, күн көрістеріндегі жалпы адамзаттық ойлау ерекшеліктерінің ұқсастығынан деп қарау керек. Адамдарға қатер төну кейде ұқсас ситуациялардың әсерінен көрінеді. Мәселен, суға батып бара жатқан адамның бірдеңені қармап қалуға тырысуы. Сондай-ақ үй жануарларының тәртібіндегі ұқсас, ортақ қасиеттері олардың иелеріне де біркелкі уәжділік пен ішкі форманың образдылығына сай түсінік әкеледі. Мысалы, қазақта «қой терісін жамылу» тіркесі ниеті жаман адамдар туралы айтылады. Бұл да аталған тілдерде еш өзгеріссіз «волк в овечьей шкуре» - «a wolf in sheep'sclothing», сондай-ақ «қарға қарғаның көзін шұқымайды-ворон ворону глаз не выключет- түрінде кездеседі.

Демек дүние жүзі адамдарына ортақ мәдениет үлгілері ортақ мағынада қолданылатын тіларалық фразеологизмдерді жасауға ықпалды болады. Тіпті әр жеке адамның өзіндегі дене мүшелерінің қызметі мағыналық қызмет өрісіне қарай біркелкі айтылатын фразеологизмдерді жасайды. Әрине, тіл-тілде соматикалық атаулардың фразеологизмдер жасауға ұйытқы болуы әр түрлі деңгейде көрінеді.

Мәселен: «бес саусақтай білу»,

орыс тілінде: «знать как свои пять пальцев»,

ағылшын тілінде: “know some one, smth. like the back of one’s hand;

қазақ тілінде: «тілін жұтып қою»,

орыс тілінде: «потерять дар речи»,

ағылшын тілінде: “lose one’s tongue” т.б.

Бұл арада образдылық біркелкі фразеологиялық мағынаны беріп тұр. Жалпы салыстырмалы тілдерде тіл, жүрек, қол, бас т.б. соматизмдері жиі ұшырасады екен.

Кейде мысалдар қазақ және ағылшын тіларалық ұқсас фразеологизмдер

сияқты көрінгенмен олардың сәйкестіктері әр тілде әр түрлі болуы да мүмкін. Мысалы, қазақ тіліндегі этнографиялық фразеологизмдердің бірі- «отқа май құю». Оның ағылшын тілінде «addoiltothefire» деп айтылатыны бар. Беретін мағынасы-«дау-дамайды өршіме түсу». Тіркестің өзге тілдерде де ұқсас келуі кездейсоқтық емес. О бастағы адамдардың отты өшіріп алмаудың амалын қарастырған логикалық ойлам дүниесіндегі ортақтықта жатыр.

Қазақ және ағылшын тіларалық фразеологизмдер сәйкестігінің тағы бір белгісі – этимологиялық ұқсастықтар-тарихи және генетикалық тұрғыдан ұқсас қалыптасу. Мұның нақты дәлелі түркі тілдес халықтардың

өткен өмір тарихы мен рухани-мәдени дүниесінен мәлімет беретін олардың ортақ фразеологизмдері деуге болады.

Халық мәдени байланысқа қандай мұқтаж болса, бір тіл екінші тілден сөз ауысуға сондай мұқтаж. Өзге тілден іргесін аулақ салған бірде-бір тіл болмайды. Сол сияқты өзге тілден сөз ауыспайтын бірде-бір тіл болмайды. Кәрі тарихқа сүңги түсіп, әрі барған сайын тіл мен тілдің қарым-қатынас байланысы солғындай түсуін, бергі заманға келген сайын оның күшейе, ұлғая түсуін байқаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Есимжанова М.Р. Межъязыковые фразеологические соответствия. АКД. Алматы – 1998.-533 с.
2. Сағидолдақызы Г. Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны. – Алматы, 2003.-296 б.

*Есенова Қ.Е. к.ф.н., доцент,
Актюбинский университет им.С.Баишева
Жүргенбаева З.Б., магистрант
Актюбинский университет им.С.Баишева*

СООТВЕТВИЕ КАЗАХСКИХ И АНГЛИЙСКИХ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ ПО СМЫСЛОВОМУ ЗНАЧЕНИЮ

Резюме

В соответствии межъязыковых фразеологизмов однотипные или разнотипные фразеологизмы рассматриваются в сравнении.

Ключевые слова: *фразеология, язык, нация, культурный, семантика, стиль, народ, век.*

*Esenova K.E.docent,
Aktobe University Named after S.Baishev
Jhurgenbaeva Z.B., student,
Aktobe University Named after S.Baishev*

COMPLIANCE WITH THE KAZAKH AND ENGLISH PHRASEOLOGICAL UNITS ON SEMANTIC VALUE

Summary

According interlanguage phraseological units the same type or different types idioms are considered in comparison.

Keywords: *phraseology, language, nation, cultural, semantics, style, people, cent*